

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан 2024 жыл 2 апта
I-IV топ

Сабақтың мақсаты:

- Ауызша сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды, жануарларды, құстарды болжауға үйрету
- «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;
- Танымдық аймағын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.12.2024	Сейсенбі 10.12.2024	Сәрсенбі 11.12.2024	Бейсенбі 12.12.2024	Жұма 13.12.2024
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен логопедмен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен логопедке кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	Балалармен амандасу: «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біз қыс туралы сөйлесеміз.» • Балалардың көңіл-күйлерін сұрау: «Қалайсыңдар? Көңілді болсаңдар, алақандарыңды шапалақтандар!» «Қазір біз қысқы ертегіні ашамыз. Қыс қандай болады екен?»				
Негізгі кезең	Артикуляциялық жаттығулар (5 минут): Мақсаты: Сөйлеу аппаратының жұмысын жақсарту. • «Қар жейді»: Ерінді ашып-жабу (жұмсақ қозғалыстар). • «Қар ұшады»: Ерінді түтікше етіп жинау. • «Аққала жасаймыз»: Тілді таңдайға тигізіп, «түк-түк» деген дыбыс шығару. Логопедтің әрекеті:		Артикуляциялық жаттығулар (5 минут): Мақсаты: Сөйлеу аппаратының жұмысын жақсарту. • «Қар жейді»: Ерінді ашып-жабу (жұмсақ қозғалыстар). • «Қар ұшады»: Ерінді түтікше етіп жинау. • «Аққала жасаймыз»: Тілді таңдайға тигізіп, «түк-түк» деген дыбыс шығару. Логопедтің әрекеті:		

• Әр жаттығуды көрсетеді және балалардың қайталауын бақылайды.

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

1. Балаларға қыс мезгілінің суретін көрсетеді.

• «Бұл – қыс. Қыста қар жауады. Қысқы күндер суық болады.»



2. Қыс мезгілінің негізгі белгілерін атайды:

- Қар жауады.
- Суық жел соғады.
- Адамдар жылы киінеді.
- Балалар қармен ойнайды, шана тебеді.

4. Тақырыптық ойындар:

1. «Суретті тап» ойыны:

Мақсаты: Зейін мен сөйлеу дағдыларын дамыту.

Ойын барысы:

• Логопед балаларға суреттерді көрсетеді (қар, шырша, шана, аққала).

• Балалар суреттерді атайды және қысқа қатысты белгілерді таңдайды:

«Бұл – қар. Бұл – шырша.»

2. «Аққаланы жина» ойыны:

• Әр жаттығуды көрсетеді және балалардың қайталауын бақылайды.

Әңгімелеу

Балаларға қыс мезгілінің суретін көрсетеді.

Балалардан сөздерді қайталауды сұрайды:

• «Қар. Суық. Аққала.»



4. Тақырыптық ойындар (7 минут):

1. «Суретті тап» ойыны:

Мақсаты: Зейін мен сөйлеу дағдыларын дамыту.

Ойын барысы:

• Логопед балаларға суреттерді көрсетеді (қар, шырша, шана, аққала).

• Балалар суреттерді атайды және қысқа қатысты белгілерді таңдайды:

«Бұл – қар. Бұл – шырша.»

Ауызша сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды, жануарларды, құстарды болжауға үйрету

	Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және сөздік қорын дамыту. Ойын барысы: • Балалар мақта немесе қағаздан аққала құрастырады. • Әр бала аққала туралы қысқа сөйлем құрайды: «Аққала ақ түсті. Аққала қардан жасалады.» Ауызша сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды, жануарларды, құстарды болжауға үйрету 1. «Бұл не?» ойыны Мақсаты: Балалардың қысқы табиғатқа байланысты сөздерді тану және сипаттау қабілетін дамыту. Ойын барысы: 1. Логопед қысқа қатысты бір затты сипаттайды: • «Ол ақ түсті, жердің бетін жауып тұрады. Қолға ұстасаң, еріп кетеді. Бұл не?» 2. Балалар жауап береді: «Бұл – қар.» 3. Логопед әр жауапты мақтап, қосымша ақпарат береді: • «Дұрыс айттыңдар! Қар – қыстың белгісі.» Сипаттауға арналған мысалдар: • «Қыста адамдар жылы киеді. Бұл не?» (Пальто, етік, қолғап). • «Жылы ұясында отыратын кішкентай құс. Қыста шемішке жейді.» (Сарышымшық). • «Ол ұзын құйрықты, орманда қардың	1. «Қысқы достар» ойыны Мақсаты: Балаларды қыс мезгілінде кездесетін құстар мен жануарларды ажыратуға үйрету. Ойын барысы: 1. Логопед сипаттама береді: • «Ол кішкентай құс, қыста адамдардың терезесіне ұшып келеді. Оның бауыры сары түсті.» 2. Балалар жауап береді: «Сарышымшық.» Сипаттамалар: • Торғай: «Қыста ол жылы елге ұшпайды, адамдарға жақын жерде жүреді.» • Қасқыр: «Қыста ол аппақ орманда жүреді. Қар үстінде із қалдырады.» • Аю: «Бұл жануар қыста ұйықтайды.» 2.. «Қысқы заттарды тап» ойыны Мақсаты: Қысқы заттарды ажырату және оларды қолдану мақсатын түсіндіру. Қажетті құралдар: Әртүрлі заттардың суреттері (шана, шаңғы, қар жәшігі, қолшатыр, доп). Ойын барысы: 1. Логопед сұрайды: • «Бұл затты қыста қолданамыз ба? Ол не үшін керек?» 2. Балалар қысқы заттарды ажыратып, сипаттама береді: • «Шана – қарда сырғанау үшін.» • «Қолғап – қолды жылыту үшін.»
--	---	--

	үстінде секіреді.» (Қоян). 2. «Кімнің ізі?» ойыны Мақсаты: Қысқы жануарлар мен құстар туралы білімді бекіту. Қажетті құралдар: Қардағы жануарлардың іздерінің суреттері (қасқыр, түлкі, қоян). Ойын барысы: 1. Логопед балаларға суретті көрсетпестен сипаттайды: • «Орманда бұл жануардың артында кішкентай секірген іздер қалады. Ол ұзын құлақты және аппақ.» 2. Балалар іздің иесін табады: «Бұл – қоян.» Тапсырмалар: • Қасқыр: «Іздері үлкен, ауыр, түзу жолмен жүреді.» • Түлкі: «Оның іздері шеңбер жасап жүреді. Құйрығы үлпілдек.» 3. «Не киеміз?» ойыны Мақсаты: Балалардың қысқы киімдерді ажырату және тану дағдыларын дамыту. Қажетті құралдар: Қысқы және жазғы киімдердің суреттері. Ойын барысы: 1. Логопед сипаттама береді: • «Қыста киетін жылы зат. Оны қолға тағамыз. Қолды жылытады.» 2. Балалар жауап береді: «Қолғап.»	3. «Кім қайда тұрады?» ойыны Мақсаты: Қысқы жануарлар мен олардың мекенін ажыратуға үйрету. Қажетті құралдар: Жануарлар мен олардың мекендерінің суреттері (орман, ұя, үңгір). Ойын барысы: 1. Логопед сипаттама береді: • «Бұл жануар қыста қардың астына тығылады. Ол орманда өмір сүреді.» 2. Балалар жауап береді: «Бұл – қоян.» 3. Жануарлар мен мекендерді жұптастыру: • Аю – үңгір. • Қасқыр – орман. • Сарышымшық – ұя. 4. «Қысқы ертегі» ойыны мақсаты: Балалардың қиялын, ойлау қабілетін және сөйлеуін дамыту. Ойын барысы: 1. Логопед қыс туралы бір сөйлем айтады: • «Қыста орманда аққала пайда болды.» 2. Балалар әрқайсысы кезекпен сөйлемді жалғастырады: • «Аққаланың достары қоян мен қарға болды.» 3. Ойын топтық қысқы ертегі құрастырумен аяқталады.
--	--	---

	3. Қалған киімдерді де сипаттап, балаларды жауап беруге шақыру: • «Басыңды жылыту үшін киесің.» (Бөрік). • «Жылы әрі ұзын, қыста киеміз.» (Пальто).	
Сабақтың соңы	- жарайсындар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?	Балаларға сұрақтар қояды: «Қыста қандай болады? Қар қандай түсті?» • Балалардың жауаптарын тыңдайды және сөздерді толық сөйлеммен айтуға көмектеседі.

Әдіскер С.С. Каримова - Каримова С.С.